



Серіктестерге қызмет көрсету шартына № 8 қосымша

Фискалдық деректер операторының қызметі

1, Жалпы ережелер

1.1. Серіктестерге қызмет көрсету шартына осы Қосымша (бұдан әрі - Қосымша) Kaspi мен Серіктес арасындағы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу кезінде Серіктес жүргізетін ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді қабылдау, сақтау және мемлекеттік кірістер органдарына беру бойынша қатынастарды реттейді. Осы Қосымшаның талаптары қызмет көрсету шарты болып табылады.

1.2. Қосымша Серіктестерге БҚКШ-ның ажырамас бөлігі болып табылады және Серіктес Kaspi Кассаны қосуға Өтініш бергенде және (немесе) Серіктес Жеке кабинетте ФДО қызметін алуға бағытталған әрекеттерді жасағанда, Kaspi-де ФДО мәртебесі болған кезде күшіне енеді.

2. Терминдер мен анықтамалар

2.1. Қосымшаның мақсаттары үшін қолданылатын терминдер мен анықтамалардың мағыналары төмендегідей:

2.1.1. БКМ (бақылау-касса машинасы)– тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысулар туралы ақпаратты тіркеуді және көрсетуді қамтамасыз ететін деректерді тіркеу және беру функциясы бар аппараттық-бағдарламалық кешен;

2.1.2. Kaspi – фискалдық деректердің операторы болып табылатын «Kaspi Bank» АҚ;

2.1.3. ФДО қызметі – Тауарларды өткізу кезінде Серіктес жүргізетін Ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді қабылдау, сақтау және Уәкілетті органға беру бойынша қызмет;

2.1.4. Ақшалай есеп айырысулар – қолма-қол ақша және (немесе) төлем карточкаларын және (немесе) мобильді төлемдерді пайдаланып, есеп айырысулар арқылы Тауарларды сатып алғаны үшін Серіктестің пайдасына жүзеге асырылатын есеп айырысулар;

2.1.5. Құрылғылар – Карточкаларды (POS-терминалдарды) және/немесе QR-код технологияларын пайдаланып төлемдер жасауға арналған жабдық және Kaspi, оның ішінде БКМ қолдайтын төлемдер жасауға арналған құрылғылардың/технологиялардың өзге де түрлері.

2.1.6. Өтініш – Серіктестің ЭЦҚ арқылы электрондық түрде және/немесе Серіктестерге БҚКШ-да көзделген өзге де тәсілдермен қол қойған Kaspi Кассаны қосуға өтініш;

2.1.7. Тауар – Серіктес өткізетін тауарлар/қызметтер/жұмыстар;

2.1.8. ЭЦҚ – «Kaspi Bank» АҚ Куәландырушы орталығы шығарған электрондық цифрлық қолтаңба, ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық символдардың жиынтығы.

2.1.9. Тіркеу карточкасы – БКМ-ның Уәкілетті органда тіркелу (есептен шығару) фактісін растайтын есептік құжат;

2.1.10. Уәкілетті орган – мемлекеттік кірістер органы (салық органы);

2.2. Қосымшада пайдаланылатын және Қосымшаның 2.1-тармағында көрсетілмеген өзге терминдер мен анықтамалар Серіктестерге БҚКШ-да айқындалған мағынада түсініледі.

3. ФДО қызметтінің мәні

3.1. Kaspi Серіктестеске Ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді қабылдауды, сақтауды және Уәкілетті органға беруді, Серіктестен БКМ туралы мәліметтерді алуды және БКМ-ны есепке қою үшін оларды Уәкілетті органға беруді қамтамасыз етуді, БКМ туралы мәліметтерге өзгерістер енгізуді және Қосымшада көзделген басқа да қызметтерді қамтитын ФДО қызметін көрсетеді.

3.2. Серіктес Тауарларды өткізген кезде ФДО қызметін алу үшін Серіктестерге БҚКШ-да көзделген тәртіппен Kaspi ұсынған Құрылғыларды пайдаланады.

3.3. Ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді қабылдау, сақтау және беру, БКМ-ны Уәкілетті органға есепке қою, БКМ-ның тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу және оны есептен шығару тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

4. БКМ-ны есепке қою тәртібі

4.1. Серіктес БКМ-ны есепке қоюға арналған мәліметтерді Уәкілетті органға ЭЦҚ-ны пайдаланып, Жеке кабинет арқылы береді.

- 4.2. Kaspi Серіктестің БКМ-сын есепке қою үшін БКМ туралы мәліметтерді электрондық түрде Уәкілетті органға жібереді. БКМ-ны Уәкілетті органда есепке қойғаннан кейін Серіктеске Тіркеу карточкасы беріледі, ол Серіктеске Жеке кабинетте электрондық құжат түрінде қолжетімді болады. БКМ-ны Уәкілетті органда есепке қою тәртібі, оның ішінде бас тарту үшін негіздер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.
- 4.3. Kaspi Серіктеске Жеке кабинет арқылы Тіркеу карточкасында көрсетілген мәліметтерді өзгертуге, БКМ-ны есептен шығаруға мәліметтерді Уәкілетті органға жіберу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

5. ФДО қызметін көрсету тәртібі

- 5.1. Ақшалай есеп айырысуларды жүргізгенде Серіктес моделі мемлекеттік тізілімге енгізілген және Уәкілетті органда есепке қою рәсімі сәтті аяқталған БКМ функциясымен жарақтандырылған Құрылғыларды қолданады.
- 5.2. Серіктестің Ақшалай есеп айырысулары туралы мәліметтерді қабылдау, сақтау Қазақстан Республикасы заңнамасына сай Уәкілетті органға өзгеріссіз беріледі.
- 5.3. Өтінішке қол қою арқылы Серіктес Kaspi-ге (ФДО) мемлекеттік кірістер органдарынан тіркеу деректерін және Серіктестің өзінен ақшалай есеп айырысу туралы мәліметтерді алуға және өңдеуге келісімін береді.
- 5.4. Kaspi ФДО қызметін көрсетуге қажетті ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

6. Тараптардың жауапкершілігі

- 6.1. Kaspi Серіктес туралы, оның операциялары, Ақшалай есеп айырысулары туралы алынған және өңделетін мәліметтердің, оның ішінде салық құпиясын құрайтын мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз ету үшін жауапкершілік атқарады.
- 6.2. Серіктес Серіктестерге БҚКШ мақсаттары үшін Kaspi-ге берілген кез келген мәліметтердің дұрыстығы мен заңнамаға сәйкестігі үшін жауапкершілік атқарады.
- 6.3. Kaspi:
- 6.3.1. Kaspi тікелей бақылай алмайтын, бірақ Құрылғыларға қызмет көрсетуді уақытша тоқтатып қоюға әкеп соқтыруы мүмкін техникалық құралдардың істен шығуы, бағдарламалық қамсыздандырудағы, электрмен жабдықтау және деректерді беру жүйелеріндегі жаңылысулар үшін, соның ішінде Операциялар бойынша үзінді көшірмелерді шығару мүмкін болмаған жағдайда;
- 6.3.2. ФДО қызметін тиісінше көрсетпегені үшін егер ол Серіктестің дұрыс емес мәліметтер беруінің немесе Серіктестің Қосымша бойынша міндеттемелерді бұзуының салдары болса жауапкершілік атқармайды.
- 6.4. Серіктес:
- 6.4.1. Серіктестің жұмыскерлерінің әрекеттері немесе әрекетсіздігі Kaspi-ге материалдық залал және/немесе оның іскерлік беделіне зиян келтірген жағдайда, Серіктес Kaspi-ге келтірілген залалды (шығындарды) өтейді, оның сомасы Kaspi-дің қойған жазбаша шағымында көрсетіледі. Залал (шығын) сомасы Kaspi мен Серіктес қол қойған келісу актісімен қайта қаралуы мүмкін. Kaspi мен Серіктес әр жеке жағдайда өтеу тәртібін келіседі.
- 6.4.2. Пайдаланушыға Жеке кабинетке қолжетімділік бергені үшін жауапкершілік атқарады.
- 6.5. Тараптар міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер ол өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, электр энергиясын берудегі жаңылыстар, интернет желісін берудегі жаңылыстар сияқты еңсерілмейтін күш жағдайларының және Тараптардың бақылауынан тыс басқа жағдайлардың салдарынан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының атқарушы, сот, салық немесе құқық қорғау органдары Тараптардың Қосымша немесе Серіктестерге БҚКШ бойынша өз міндеттемелерін орындауына кедергі келтіретін шешімдерді, қаулыларды, ұйғарымдарды шығарған жағдайда, жауапкершіліктен босатылады.

7. ФДО қызметін көрсетуді тоқтата тұру немесе тоқтату

- 7.1. Мына жағдайларда:
- 7.1.1. Серіктестің Қызметті өшіру туралы қызмет түрі көрсетілген жазбаша хабарламасы болғанда;
- 7.1.2. Техникалық жұмыстар жүргізілгенде, оның ішінде Kaspi Pay-де (Kaspi осындай жұмыстардың кезеңін бұл туралы хабарлама орналастыру арқылы Байланыс арналары арқылы хабарлайды). Серіктестің ФДО қызметін алу құқығын тоқтатуға әкеп соқтырған себептер жойылған кезде, Kaspi кейіннен Серіктеске жазбаша немесе электрондық түрде хабарлап, оған ФДО қызметін қайта көрсете бастайды.
- 7.1.3. Қосымшаның, Серіктестерге БҚКШ-ның және оның басқа да қосымшаларының талаптары бұзылғанда;
- 7.1.4. Серіктеспен жасалған шарттардың талаптары өзгергенде, оларға сәйкес қызмет көрсету уақытша тоқтатылады немесе толық немесе кейбір түрлері тоқтатылады.

8. Өзгерту және бұзу

- 8.1. Қосымшаға қосылу Kaspi белгіленген нысан бойынша Өтінішке қол қойылған сәттен бастап жүзеге асырылады және мерзімсіз болып табылады.
- 8.2. Тараптар бір-біріне тиісті хабарламаларды Байланыс арналары арқылы кемінде күнтізбелік 5 күн бұрын электрондық түрде жіберу арқылы осы Қосымшада реттелген бөлігінде Серіктестерге БҚКШ-ны бұзуға құқылы. Бұзу күні электрондық хабарламада көрсетіледі. Kaspi осы Қосымшаның бөлігінде, сондай-ақ 1 айдан астам уақыт ішінде Серіктестің БКМ-ны қолдануы бойынша белсенділік болмағанда, сондай-ақ Серіктес Серіктестерге БҚКШ мен оның қосымшалары бойынша міндеттемелерін бұзғанда, Серіктестерге БҚКШ бойынша қатынастарды біржақты тәртіппен тоқтатуға құқылы.

8.2. Егер Серіктес өзгерістер күшіне енгізілетін күнге дейін өзгерістерді енгізуден жазбаша бас тартпаса, Қосымшаның талаптарына өзгеріс екіжақты тәртіппен мына тәсілдердің бірімен: тиісті келісімге қол қою; хаттармен, жеделхаттармен, телефонограммалармен, телетайпограммалармен, факс, электрондық құжаттармен, электрондық хабарлар немесе тараптардың ерік білдіру мазмұнын айқындайтын өзге құжаттармен алмасу арқылы енгізілуі мүмкін немесе заңнамада көзделген өзге қорғаныс әрекеттерінің элементтерімен, Жеке кабинетте немесе Құрылғыда Серіктестерге БҚКШ-ның жаңа талаптарын өзгерту және қабылдау әрекеттерін орындау арқылы, Касрі-дің қалауы бойынша Байланыс арналарының бірі арқылы хабарлар алмасу арқылы, өзгерістерді/толықтыруларды, өзгертілген құжаттарды, жаңа редакциядағы құжаттарды кез келген келесі тәсілмен Касрі-дің қалауы бойынша: өз қолына беріп, факсимильдік байланыспен, Сайттағы жарияланыммен немесе өзге Байланыс арнасымен жолдап, Қосымшаның өзгерістері туралы Серіктеске олар енгізілгенге дейін күнтізбелік 5 күн бұрын хабарлау арқылы куәландырылады. Егер жоғарыда аталған мерзім өткеннен кейін Серіктес Касрі-дің қызметтерін пайдалануды жалғастырса, Серіктес үшін өзгерістер күшіне енеді және Серіктес барлық өзгерістерді қабылдады деп саналады.

8.3. Егер Серіктес Касрі-дің хабарламасында көрсетілген өзгерістермен келіспесе, ол өзгерістер күшіне енгенге дейін 5 күн бұрын Касрі-ге хабарлап, Қосымшадан бас тартуға құқылы, бұл жағдайда мұндай өзгерістер енгізілген болып саналмайды және қолданылмайды. Хабарламада Серіктестің уәкілетті тұлғасының қолы қойылған және оның мөрімен (бар болса) бекітілген Қосымшаны бұзу туралы хаттың көшірмесі болуы керек. Аталған тәртіппен бұзу туралы хабарланған жағдайда, Касрі-дің енгізген өзгерістері күшіне енген күннен бастап Қосымша бұзылады, бұл ретте Серіктес Қосымша бойынша туындаған, бірақ орындалмаған барлық міндеттемелерін орындауға міндетті.

8.4. Жазбаша хабарламалар екінші Тарапқа қолхат арқылы табысталса немесе Қосылуға өтініште көрсетілген мекенжайға, ал ол өзгерген жағдайда – екінші Тарапқа хабарланған мекенжайға тапсырысты хатпен жіберілсе (пошталық түбіртек болған кезде), екінші Тарап оларды алған болып саналады.

9, Қорытынды ережелер

9.1. Серіктесті Жеке кабинетте/Мобильдік қосымшада тіркеу, аутентификациялау және сәйкестендіру тәртібі Серіктестерге БҚКШ-мен реттеледі.

9.2. Тараптардың Қосымшаның аясында бір-біріне жазбаша немесе электрондық түрде беретін мәліметтер құпия (бұдан әрі – Құпия ақпарат) болып табылады. Тараптар Құпия ақпаратты қорғау үшін барлық ықтимал шараларды қолдануға, Қосымшаның аясында Құпия ақпарат болып айқындалған мәліметті (ақпаратты) Тапсырыс берушінің келісімінсіз ашпауға, баспада жарияламауға, үшінші тұлғаларға (ақылы және/немесе ақысыз негізде) не ауызша, не жазбаша (бүтіндей де, бөліктерімен де) бермеуге, кез келген өзге тәсілмен билік етпеуге міндеттенеді.

9.3. Егер:

- 1) осы ақпарат Ашушы Тараптың оны берген сәтінде көпшілікке қолжетімді болса;
- 2) оны ашу Қосымшада тікелей көзделсе;
- 3) ақпарат Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік органның немесе уәкілетті тұлғаның талабы бойынша ашылса, Құпия ақпаратты ашу заңсыз болып табылмайды.

* * *